

ӘОЖ 159.9:331.108.4

А.А. Толегенова*, Ш. Дуанаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: aliyatts@mail.ru

Эмоциялық интеллектінің мектепке дейінгі балалардағы психологиялық ерекшеліктері

Андатпа. Бұл мақалада авторлар бала дамуындағы эмоциялық интеллектінің мектепке дейінгі кезеңдегі ерекшеліктерін жан-жақты қарастырған. Жалпы баладағы эмоциялық интеллектінің қалыптасу ерекшеліктері мен қалыптасуына қандай факторлардың әсер ететіндігі жөнінде ақпараттар берілген. Мектепке дейінгі кезеңдегі дайындықтан өту барысында баланың сауатын ашу үдерісіне көп мән берілгенімен оның эмоциялық өмірі шет қалып қояды. Мектепке дейінгі дайындық сатысында педагогтар, ата-аналар баланың эмоциялық қырына, әсіресе эмоциялық интеллектіне мән берсе, бала болашақта, мектепте қалыптасатын қарым-қатынас барысында өзгелердің эмоциясына тезірек бейімделіп, жағымды эмоциялық байланыс қалыптастырар еді.

Түйін сөздер: эмоциялық интеллект, мектепке дейінгі жастық ерекшеліктері, баладағы эмоциялық интеллект.

Гуманистік психология адамды биологиялық емес әлеуметтік тіршілік иесі ретінде қарастырады. Осы көзқарасқа сәйкес адам баласы өзін қоршаған адамдармен, қоғаммен қарым-қатынас жасамайынша дами алмайды. Мұндағы тұлғаның қоғаммен байланысы қоршаған ортамен сәйкес жүру емес, өзара қатынаста және өзара әрекетте болу мақсатымен жүреді. Дәлірек айтар болсақ, адам баласы – эмоциялық тіршілік иесі, бір адамның эмоциясы келесі адам эмоциясымен іргелесіп өмір сүреді. Осы тұста эмоциялық реакциялардың сәйкестігі мен ортақтығы аясында мәселе туады. Бұл мәселе бір адамның келесі адаммен диалогқа түсуі барысында шешіледі. Осы аталғандардың барлығы эмоциялық интеллектінің маңызды рөлге ие екендігін және де оны мектепке дейінгі кезден бастап қалыптастырып, дамыту қажет екендігін нақты дәлелдей түсуде. Дегенмен балаларды мектепке дейінгі дайындықтан өткізу барысында олардың эмоциялық күйлеріне, өзге балалармен, қоршаған ортамен жағымды эмоциялық қарым-қатынас құруына емес, сауаттылық деңгейін арттыруға ден қойылатындықтан, бірінші аталғандар енжар күйінде қалып қояды. Мектепке дейінгі дайындықта балаларды оқуды,

жазуды, санауды үйретумен ғана шектеледі. Баланың эмоциялық өмірі және қарым-қатынас орнатуы ереже бойынша педагогикалық үдерісте де, балабақшада да, мектепте де шет қалатын жағдайлар қатарында [1].

Аталмыш зерттеу жұмысының негізі ретінде осы мәселенің қазіргі таңда ешқандай шешуін таппай жүргендігі, практик психологтың да, тәрбиешінің де баланың эмоциялық интеллект деңгейін арттыруға жеткіліксіз күш жұмсап жатқандығы себеп болып отыр. Балалардағы эмоциялық интеллектіні дамыту нәтижесінде олар қоршаған ортамен жағымды эмоциялық байланыс орнатып, өзін қоршаған адамдардың да эмоциялық күйлерін түсіне бастайды. Егер біздің көрсетіп отырған мәселені дамытпаған жағдайда, балада өзгелермен қарым-қатынас орнату процесі қиындап, әртүрлі проблемалар тууы ықтимал [3].

Ендігі кезекте біздер мектепке дейінгі балалардың эмоциялық интеллектілерінің дамуы мен қалыптасу ерекшеліктерін негіздеуді мақсат етіп отырмыз. Біздің зерттеу тақырыбымыздың қызығушылығы мектепке дейінгі балалардың өзгелердің эмоциялық күйлерін тануға деген дайындық.

Баланың толыққанды үйлесімді өсуіне, болашақта сәтті тұлғалар қатарына жатуына эмоциялық интеллектінің тигізер әсері өте жоғары. Бала тұлғасында бұл қасиеттің қалыптасуына бірнеше факторлар әсері жөнінде айтып өттік. Қоса кететін мәселе, ата-ананың өзара қарым-қатынасындағы жағымды эмоциялық байланыстың да баланың эмоциялық интеллектісінің қалыптасуына белгілі бір шамада әсері бар. Баладағы эмоциялық интеллектінің оптималды жағдайда дамуына, ерлі-зайыптылардың өзара қатынастары, ата-ананың өздері қалыптастырған отбасылық өмірлеріне қанағаттануының да әсері бар. АҚШ-тағы жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, отбасылық өмірлеріне разы ерлі-зайыптылардың балаларының эмоциялық интеллект дәрежесі отбасылық өмірлеріне разы емес адамдардың балаларына қарағанда әлдеқайда жоғары болғандығы анықталды [4]. Бар ақпараттарға сүйене отырып, эмоциялық интеллект дәрежесі жоғары ата-аналар өз тарапынан отбасылық өзара түсінушіліктің барынша үйлесімді болуын қамтамасыз етсе, олардың балаларындағы эмоциялық интеллектінің де дамуы байқалады. Мұндай отбасында өмір сүретін адамдар бір-бірінің көңіл-күйлеріне өте сезімталдықпен қарап, отбасындағы эмоциялық мәселелерді дер кезінде талқылап, шешіп отырады. Қарапайым мысал, қажет жағдайда бір-бірлерінен кешірім сұрап, көңіл-күйлерін анықтап жағады.

Ата-ананың эмоциялық мәселелерді талқылауы, баладағы өзіндік эмоцияны түсінуі мен өзіндік реттеуінің дамуына себепкер бола алады. Әр отбасындағы «ашылып сөйлесудің» жиілігі мен мағынасы әртүрлі болады. Осының өзінде сандық сипаттағы жағдайдың сапалыққа ауысуында айқын көрінетін тенденция байқалады: ана қаншалықты көп өз балаларымен әрқандай сипаттағы эмоциялық күйлерді талқылайтын болса, алты жасқа келгенде мұндай ананың балалары тіпті бөтен ересектер тарапынан болатын әртүрлі эмоциялық күйлерге бейімделген болады [5]. Сонымен, эмоциялық сәтті отбасындағы бала тәрбиесінің орталық ден қоятын факторы баланың мінез-құлқына, жүріс-тұрысына қарағанда эмоциялық күйіне көбірек мән береді.

Алғаш рет «эмоциялық интеллект» сөз тіркесі 1990 жылы ғылыми мақалада жарық көрген болатын. Аталмыш тақырыппен көбіне шетел психо-

логтары ғана айналысты. Эмоциялық интеллект термині әлеуметтік интеллект сөзінен алынған. Бұл тақырыпты зерттеген ғалымдар ішінде Эдуард Торндайк, Джон Гилфорд, Ганс Айзенк бар еді. Эмоциялық интеллектіні когнитивтік психология және гуманистік психология (Абрахам Маслоу, Питер Салоуэй) зерттеген. Ресей психологтарынан Д.В. Люсин, О. Марютин, А.С. Степанова зерттеумен айналысты.

Салоуэй және оның әріптесі Джон Майер «эмоциялық интеллекті» терең зерттей бастады. Эмоциялық интеллект – эмоцияда көрінетін тұлғаны қабылдау қабілеті, эмоцияны интеллектуалды процестер негізінде басқара алу. Жалпы эмоциялық интеллект бұл ақыл мен танымға қарама-қарсы емес, керісінше бұл екі процестің уникалды үйлесуі.

1997 жылдан бастап қана эмоциялық интеллектіні эксперименталды зерттеу басталды. Арнайы тренингтер мен дамыту топтары жанұялық климатты, тұлға аралық қарым-қатынасты реттей бастады, яғни эмоциялық интеллект іс жүзінде нәтиже бере бастады. Эмоциялық интеллект деңгейі жоғары тұлғалар өз және өзгенің эмоциясын түсінетін, эмпатияға бейім, қарым-қатынаста эмоцияны басқара алатын болғандықтан әлеуметте адаптацияланған әрі мақсаттарына жете алатын индивид ретінде көрінеді. Ата-ана тәрбиесінде эмоциялық интеллектінің алатын орнының маңызды тұстарын және бала дамуында эмоциялық интеллектінің рөлін зерттеу арқылы отбасындағы психологиялық жағдайды позитивті өзгерту біздердің маңызды мақсаттарымыздың бірі.

Қазіргі зерттеулердің бір сыпырасы эмоция мен интеллект арасындағы өзара байланысты зерттеуге бағытталған. «Эмоциялық интеллект» психологиядағы жаңа бағыттардың біріне кіреді [6].

Г. Гарднер мен П. Сэловей ұсынған эмоциялық интеллект ұғымы мыналарды қамтиды: 1) өзіндік эмоцияларды тану, 2) эмоцияларды басқара алу, 3) өзіндік мотивация, 4) өзге адамдардың эмоциясын тани білу [7]. «Эмоциялық интеллект» ұғымымен «эмоциялық білімділік» ұғымдары өзара тығыз байланыста десек қателеспейміз, яғни баланың әлеуметтік және эмоциялық компетенттілігін қалыптастырушы. Осы бағытта, эмоциялық интеллектіні дамытуға арналған арнайы бағдарламалар қалыптасуда. Бұл бағыттар

балаға өзгенің эмоциялық күйін түсінуге, эмпатия, рефлексияға үйретумен айналысады. Баланың өз ортасында өз-өзін ұстауы барынша үйлесімді болуына, өзіндік жеке индивидуалды қасиеттерінің көрінуіне эмоциялық интеллект рөлі басым. Себебі адамның ішкі өмірі – оның эмоциясы. Элеуметтену және индивидуализациялануда адам өзіндік индивидуалдылығын эмоциялық паттерндер арқасында сақтап отырады. Баланың индивидуалдылық қасиеттерінің қалыптасуын, әрқандай жағдайларға оның көрсететін эмоциялық реакциялары арқылы бақылауға болады. Демек, эмоциялық интеллект өз кезегінде жеке индивидуалды қасиеттердің дамуымен де байланысты. Бала тарапынан шығатын эмоциялық реакциялар автоматты түрде қалыптасып, дамитын факторларға жатпайды, бұл тікелей бала мен ересек адамдар, дәлірек айтқанда бала мен ата-ана қарым-қатынасы барысында дамып, қалыптасады. Яғни ата-ана баланың әрқандай эмоциялық реакцияларын реттеп, қажет болған жағдайда бағалап отыруы қажет. Бала осы бір жағдайда қаншалықты адекватты эмоциялық реакция көрсетті, мұны да тәрбие тізбегіне қоса отыру қажет. Бала дамуында эмоциялық интеллект дәрежесі жоғары болуына ата-ананың балаға деген жылы қарым-қатынасы да қамтамасыз етеді [8].

Мектепке дейінгі балалардың эмоциялық интеллектілерін дамыту арқылы баланың өзге адамдар эмоциясын ескере отырып, болашақта тууы ықтимал шиеленістің алдын алуға деген дайындықтың болуын қамтамасыз етуге болады. Басқаша айтар болсақ, мектепке дейінгі балалардың эмоциялық интеллектілерін дамыту арқылы баланың өзін қоршаған ортадағы балалардың эмоциясын ескере отырып, оған бейімделіп, өз әрекетінде олардың да эмоциялық күйлерін ескеріп отыруға деген дайындықтың болуын қамтамасыз ету қажет.

Кіші мектеп жасындағы балалар эмоциялығының жоғары деңгейімен ерекшеленеді, олар әлі өздерінің эмоциялық күйлерін басқара білмейді. Алайда бірте-бірте олардың ұстамдылығы мен байсалдығы артады. Балаларға ұзақ уақытқа созылатын тұрақты қуанышты әрі сергек күй тән, бірақ олардың кейбіреуінде талаптану деңгейінің аса жоғарылығы мен оқу әрекетінде орташа нәтижені көрсетуіне байланысты теріс

аффективті күйлер байқалады. Танымдық, эстетикалық және әсіресе адамгершілік сезімдері өзіне тән ерекшелікпен өзгере түседі.

Осы жастағы балалардың ақыл-ой сезімдері ұдайы өсе түсетін білімқұмарлығын қанағаттандырумен байланысты болып табылады. Балаларға кітап оқып, теледидар тамашалаған ұнайды, олар жаңа білімдер мен әсерлерді алуға ұмтылады. Осы кезеңде балалардың эстетикалық сезімін дамытып, эстетикалық талғамын тәрбиелеу үшін қолайлы жағдайлар туындайды. Кіші мектеп жасындағы балалардың әнге және музыкаға деген сүйіспеншілігін ояту оңай. Олар музыкалық шығарманы терең сезініп, оны нақты сипаттап беруге қабілетті [3].

Балалар суреттерді қабылдауды, әдемілікті түрлі жасандылықтан ажыратуды үйренеді. Сезімдер, оның ішінде эстетикалық сезімдер қоршаған ортаны бейнелейтін процесс болып табылады. Сондықтан олар эстетикалық қажеттілікті қанағаттандыра алатын табиғат, орта және заттар болған кезде ғана қалыптасып, дамиды. Алайда мұның өзі жеткіліксіз, балаларды бақылау, тыңдау, түрлі аспаптарды игеру, ән салу, би билеу, суреттеу секілді іс-әрекет түрлеріне мақсатты түрде араластыру қажет.

Балалардың бойында, сонымен қатар адамгершілік сезімдерінің тереңінен өзгеріске ұшырауы орын алады. Олар тек өзінің жақындарына ғана емес (ата-ана, мұғалімі), сондай-ақ батылдық, бекзаттық, адалдық көрсеткен бөтен адамдарға да жоғары адамгершілік сезімдерді сезінуі мүмкін. Осы жастағы балаларға өзінің және өзге адамдардың мінез-құлқына түрлі баға беру және олар туралы пікір қалыптастыру ерекше тән. Мектеп оқушыларының қандай да бір оқиғаға қатысты эмоциялық реакциялары баланың ұяңдығына немесе талаптану деңгейіне тікелей тәуелді болып табылады [2].

Танымдық, эстетикалық және адамгершілік сезімдерінің қалыптасуы баланың тиісті білімдер жүйесін игеруді талап етеді. Осылардың негізінде оның бойында баға беру және тағы да түрлі сезімдер қалыптасады. Адамның білімдерге негізделген сезімдері мығым негізге ие болып, тұрақталады. Алайда адамгершілік түсініктерін игеру баланың бойында адамгершілік сезімдерінің пайда болатынына кепілдік бола алмайды.

Әсіресе адамгершілік сезімдер білім, сезім, әрекет секілді ассоциациялардың бірыңғай жүйесін қалыптастыру негізінде дамиды. Осы

жүйенің тек бір ғана тұсын дамытуға бағытталған тәрбие артында селкостық пен қатыгездік жасырынған немқұрайлылық пен күйреуіктікке әкеледі [10].

Жасөспірімнің бойындағы басты әрі тек осы жасқа ғана тән жаңа құбылыс – ол жасөспірімнің өзінің енді кішкентай бала еместігі туралы түсінігінің пайда болуы.

Ол өзін ересек ретінде сезініп, ересек тұлғаға айналуға ұмтылады. Ересек сезіну деп аталатын бұл сезімнің ерекшелігі жасөспірімнің бала екенін мойындамауында жатыр, қоршаған ортаның оның ересек екенін мойындау қажеттілігі болғанымен, жасөспірім өзін толыққанды түрде ересек ретінде сезінбейді.

Жасөспірімнің осы ерекшелігі оның әлеуметтік белсенділігінің бағытын анықтайды: ол ересектер әлеміндегі және олардың қарым-қатынасындағы құндылықтар мен жүріс-тұрыс тәілдерін қабылдап, меңгеруге ұмтылады. Жасөспірімдер дербестікке, тәуелсіздікке талпынады. Сонымен қатар олар ересектердің оларға қатысты берген бағасына, абыройы мен құқығын төмендетуге сезімтал келеді.

Оларға кішкентай бала ретінде қараған кезде, олар ренжіп, ересектерді жек көруге әкелуі мүмкін. Осы ретте қыздар ұлдарға қарағанда басқалар ол жөнінде не ойлайтынына, сын мен келекеге сезімтал келеді. Жасөспірім жастағы эмоциялық реакцияларының кейбір ерекшеліктері олардың гормональды және физиологиялық процестеріне негізделеді [11].

Физиологтар жасөспірімдердегі психикалық тұрақсыздық пен олардың көңіл-күйінің тым тез ауысуын, бойын шаттық билеп, торығуын, торыққаннан кейін тез шаттануға бой алдыруын жалпы қозу мен шартты тежелудің барлық түрлерінің бәсеңдеуімен түсіндіреді [13].

Алайда жасөспірімдердің эмоциялық реакциялары мен жүріс-тұрысы гормональды құбылыстардың ауысуымен ғана түсіндірілмейді. Олар, сондай-ақ әлеуметтік факторлар мен тәрбиелеу жағдайына тәуелді, осы ретте жеке дара типологиялық өзгешеліктер көп ретте жас мөлшерлік ерекшеліктерден басым түсіп жатады. Ересектіктің психологиялық қиындықтары, талаптану деңгейі мен «Мен» бейнесінің қарама-қайшылығы жиі ретте жасөспірімге тән эмоциялық шиеленісі жастық шақта да жалғасады.

Проективті тестер (Роршах тесті, тақырыптық апперцепция тесті) 12 жастан 16 жасқа қарай мазасыздану деңгейінің өсетінін

көрсетеді. Осы жас кезеңде дисморфоманияның (дене бітіміндегі кемшілік сандырағы) аса күшею байқалады. Психиатр А.А. Меграбяның мәліметтері бойынша 13-14 жастан кейін тұлғалық бұзылыстардың саны арта түседі [12].

Қорытындылай келе, бала дамуында эмоциялық интеллектіні дамыту тұлға аралық өзара қатынасты оптимитизациялау және өмірдің әркілы жағдайына дайын әрі бейімделу үшін, әлеуметтену және позитивті әрекет ету үшін маңызды факторлар қатарына жатады. Сонымен қатар эмоциялық интеллектіні дамыту адам әрекетіндегі деструктивті тенденциялардың төмендеуіне алып келеді.

Әдебиеттер

1 Нгуен М.А. Психологические предпосылки возникновения эмоционального интеллекта в старшем дошкольном возрасте // Культурно-историческая психология. – 2007. – №3. – С. 46-51.

2 Смирнова Е.О., Холмогорова В.М. Межличностные отношения дошкольников: диагностика, проблемы, коррекция. – М.: Гуманитарн. изд. Центр ВЛАДОС, 2005. – 158 с.

3 Нгуен М.А. Развитие эмоционального интеллекта // Ребенок в детском саду. – 2007. – № 5. – С. 80-87.

4 Орме Г. Эмоциональное мышление как инструмент достижения успеха. – М.: КСП+, 2003.

5 Либин А.В. Дифференциальная психология: На пересечении европейских, российских и американских традиций. – М.: Смысл; Per Se, 2000.

6 Goleman D. Emotional intelligence. – N.Y.: Bantam Books, 1995

7 Gardner H. Multiple intelligences: The theory in practice. – N.Y.: Basic Books, 1993

8 Salovey P., Mayer J.D. Emotional intelligence // Imagination, Cognition and Personality. 1990. – N 9. – P. 185–211.

9 Mayer J.D., Salovey P., Caruso D. Emotional intelligence: Theory, findings, and implications // Psychol. Inq. 2004. – V. 15. – № 3. – P. 197-215.

10 Стефановская Т. А. Педагогика: наука и искусство. – М., 1998

11 Шапоринский С. А. Обучение и научное познание. – М.: Педагогика, 1981

12 Якунин В. А. Педагогическая психология. – СПб., 1998.

13 Зимняя И. А. Педагогическая психология. – М., 1999.

А.А. Толегенова, Ш. Дуанаева

Психологические особенности эмоционального интеллекта детей дошкольного возраста

В статье авторы рассматривают особенности формирования эмоционального интеллекта в дошкольном возрасте в процессе развития ребенка. В целом дана информация об особенностях формирования эмоционального интеллекта и о том, какие факторы влияют на его формирование. Несмотря на то, что процессу развития познания ребенка уделяется много времени, эмоциональная жизнь ребенка остается в стороне.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, возрастные особенности детей, эмоциональный интеллект детей дошкольного возраста.

А.А. Tolegenova, Sh. Duanayeva

Psychological age of emotional intelligence children features of preschool

In the article the authors observe formation of emotional intelligence at preschool age in child development process. Information on features of formation of emotional intelligence and what kind of factors influence on its formation is given in general. Emotional life of the child stands aside, in spite of the fact that for development of child knowledge it is devoted much time.

Key words: emotional intelligence, preschool age in child development process, age-appropriate.